С.С. Мургабаев
М.М. Бахтыбаев
К.М. Жетібаев
М. Гурсой
Б.С. Сиздиков
Л.Ж. Малдыбекова
М.Қ. Амантуров
Қ.С. Арынов

https://doi.org/10.52967/3007-6528.2023.1.280.287

Сагынбай Серикбайұлы Мургабаев[1], sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz,
Мэлс Маратұлы Бахтыбаев[1], mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz,
Көпжасар Мұстафаұлы Жетібаев[1], kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz,
Музаффер Гурсой[1], muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz,
Багдаулет Сапарбайұлы Сиздиков[1], bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz,
Ляззат Жумагылқызы Малдыбекова[1], lazzat.maldybekova@ayu.edu.kz,
Маралбек Қасымбекұлы Амантуров[1], maralbek.amanturov@ayu.edu.kz,
Қуаныш Суиндікұлы Арынов[1], kuanysh.arynov@ayu.edu.kz
[1] Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2022 жылы жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері*

Сығанақ қаласы Қыпшақ хандығының, Ақ Орданың, Абулхайыр хандығының, Қазақ хандығының негізгі орталықтарының бірі болды. Осы себепті қала маңында жоғарыда аты аталған хандықтардың билеушілері, әйгілі тұлғалары жерленіп, олардың басына зәулім кесенелер тұрғызылып, қала қасиетті және рухани орталықтардың біріне айналды. Кесене дегеніміз – қабір, бейіт, зират, мола үстіне тұрғызылған архитектуралық ескерткіш. Кесенелер қаза тапқан марқұмның арғы өмірлік үйі болып есептелді. Кесене құрылыстарын негізге ала отырып кесенеде жерленген адамдардың әлеуметтік деңгейін немесе қандай тап өкілінен шыққандығын анықтауға болады. Анықталған жерлеу орындар мен табылған заттай деректер, байырғы тұрғындардың статусын, әлеуметтік даму деңгейін, дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін, діни наным-сенімдерін, жерлеу ғұрыптарын және қоғамдық қатынастарын анықтауға мүмкіндік береді. Осы себепті біз бұл мақаламызда, Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2022 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмысы барысында ашылған № 6 және № 7 кесенелерді зерттеп, талдап, ғылыми айналымға енгізуді мақсат еттік. Сонымен қатар, мақалада кесенелердің пайда болу және даму тарихын анықтауды жөн санадық.

Түйін сөздер: Сығанақ, ортағасырлық қалалар, қасиетті орындар, кесене

Сагынбай Серикбаевич Мургабаев [1],
Мэлс Маратович Бахтыбаев [1],
Копжасар Мустафаевич Жетибаев[1],
Музаффер Гурсой [1],
Багдаулет СапарбаевичСиздиков [1],
Ляззат Жумагыловна Малдыбекова[1],
Маралбек Касымбекович Амантуров[1],
Куаныш Суйндикович Арынов [1]
[1]Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави,
г. Туркестан, Казахстан

© 2023 ж. Мургабаев С.С., Бахтыбаев М.М., Жетібаев К.М., Гурсой М., Сиздиков Б.С., Малдыбекова Л.Ж., Амантуров М.Қ., Арынов Қ.С.
**Қазақстан Республикасы Білім және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің бағдарламалық нысаналы қаржыландыру, BR 10965310 жобасы аясында орындалды*

Результаты археологических исследований, проведенных в средневековом городе Сыганак в 2022 году

Город Сыганак был одним из главных центров Кыпчакского ханства, Белой Орды, ханства Абулхаира и Казахского ханства. Рядом с городом строили огромные мавзолеи, где хоронили правителей вышеупомянутых ханств и других известных лидей. Город был одним из сакральных и духовных центров. Мавзолей не только считался «домом умерших», но и являлся памятником архитектуры. По внешнему виду строения можно определить социальный статус погребенного человека и сословие, к которому он принадлежал. Исследованные погребения и обнаруженный материальный комплекс позволяют определить не только статус, но и уровень общественного развития, мировоззрение, образ жизни, традиции, религиозные верования, погребальный обряд и социальные отношения древнего населения. Цель данной статьи – проанализировать и ввести в научный оборот материалы, полученные при изучении мавзолеев № 6 и № 7, обнаруженные при археологических раскопках в средневековом городе Сыганак в 2022 году. Кроме того, мы посчитали целесообразным определить историю возникновения и развития мавзолеев.

Ключевые слова: Сыганак, средневековые города, святые места, мавзолей

Sagynbay Murgabayev[1],
Mesl Bakhtybayev[1],
Kopzhasar Zhetibayev[1],
Muzaffer Gursoy[1],
Bagdaulet Sizdikov[1],
Lyazzat Maldybekova[1],
Maralbek Amanturov[1],
Kuanysh Arynov[1]
[1] Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkistan, Kazakhstan

The results of archaeological research conducted in the medieval city of Syganak in 2022

The city of Syganak was one of the main centers of the Kypchak Khanate, the White Horde, the Abulkhair Khanate and the Kazakh Khanate. For this reason, near the city were buried the rulers of the above-mentioned khanates, famous personalities. The huge mausoleums were built for themand the city became one of the sacred and spiritual centers. The mausoleum – a monument of architecture, built on a grave or cemetery. The mausoleums were considered as the afterlife home of the deceased. According to the constructions of the mausoleum it is possible to determine the social level of people, buried in the mausoleum or to which class they belong. The identified burial grounds and the found objects allow to determine the status, level of social development, worldview, lifestyle, traditions, religious beliefs, funeral rite and social relations of ancient people. We set the goal to study, analyze and introduce into scientific circulation the mausoleums № 6 and №7, discovered during archaeological excavations in the medieval city of Syganak in 2022. In addition, we consider it is important to determine the history of the creation and development of mausoleums.

Keywords: Syganak, medieval cities, holy places, mausoleum

Кіріспе. Ежелгі дәуірлерде Орталық Азияны мекендеген көшпелі халықтардың жерлеу дәстүрінде марқұмның қабірінің үстіне топырақ немесе тас үйінділері арқылы оба жасау дәстүрі X–XI ғғ. өзгеріске ұшырап, «кесене» деп аталатын манументалды сәулет ескерткіштерінің пайда бола бастайды [Глаудинов 2012: 41]. Ислам діні тараған аймақтардағы сәулет ескерткіштердің тарихына көз жүгіртер болсақ X ғасырға дейінгі кезеңдерде кесенелердің сирек кездесетіндігін, X ғасырдан кейін ескерткіштің бұл түрінің Хорасан және Түркістан аймақтарында көптеп бой көтере бастағандығын аңғаруға болады. Негізінен ислам діні қабір үстіне зәулім сәулет ескерткіштерінің тұрғызылуын құптамаған [Ragheb 1996: 17–23; Koshenova 2016: 184]. Дегенмен IX ғасырдан бастап Орта Азиялық халықтар ескерткіштің бұл түрін тұрғыза


бастайды. Г.А. Пугаченкова да өз зерттеулерінде ислам діні бастапқы уақыттарда марқұмның қабірінің үстіне оба немесе күмбез секілді құрылыс түрлерін тұрғызылуына мүлдем тыйым салынғандығын тілге тиек етеді [Глаудинов 2012: 41]. Уақыт өте келе бас қалифаттың мәртебесі үшін бұл тыйым жойылып, IX ғасырда Халифа аль-Мунтасир және Құбба ас-Сұлабияның қабірінің үстіне кесенелердің тұрғызыла бастағандығы белгілі [Байпаков 2012: 57; Çoruhlu 2000: 15].

X ғасырдың басында Түркістан және Хорасан аймақтарында кесенелер көптеп бой көтере бастайды. Бұған дәлел ретінде 907 жылы Бухарада бой көтерген Исмаил Самани [Arik 1967: 57–100; Cezar 1977: 114–115], X ғасырдың соңында салынған Аль-Хаким ат-Тирмизи, 977–978 жылдары Самарқан маңындағы Тимде тұрғызылған Араб Ата [Aslanapa 1972: 24], 1007 жылы бой көтерген Голестандағы Гомбеде-Кавус [Kuban 2009: 170–171], 1012 жылы Өзгенттегі Наср ибн Али, 1028 жылы Иранның Санг Баст қаласында тұрғызылған Аслан Газип [Tahaoğlu 1988: 13–16] және т.б. кесенелерді айтуға болады. Аталмыш кесенелер төрт бұрыш пішінді, үсті күмбезді болып келген. Кесенелер жайында жылдар бойы зерттеу жұмыстарын жүргізген М.О. Арық мұндай үлгідегі қабір үстіне тұрғызылған құрылыстар Месопотамия мен Орта Азия территориясында исламға дейінгі кезеңдерде болғандығын айта отырып, ислам мәдениетіне IX–X ғасырларда кіре бастағандығын, қазіргі таңға дейін қолданыста жүргендігін алға тартады [Arik 1967: 57–100].

Арал теңізінің оңтүстік-шығысында көптеп кездесетін б.д.д. IV–II ғасырларға жататын сақ тайпаларына тиесілі кесенелер М.О. Арықтың жоғарыда келтірген тұжырымын қуаттай түсуде. Шірік-рабат мәдениетіне қарасты аталмыш кесенелер пішіні жағынан шеңбер немесе төрт бұрышты болып, үсті күмбезделіп жабылған (1-сур.) [Толстов 1962: 145–180; Вайнберг, Левина 1993: 37–56; Құрманқұлов 2011: 360–361].

Есіктері оңтүстік немесе оңтүстік-шығысқа бағытталған кесенелердің басым бөлігінің құрлысында пахса блоктары мен тік бұрышты шикі кірпіштер (көлемі 40×30×10 – 50×40×12 см) пайдаланылған [Утубаев және т.б. 2022: 33–34]. Аталмыш кесенелерге бір немесе бірнеше адам әр түрлі дәстүрмен жерленген. Себебі бір кесененің өзінен кремация да жасалған, ағаш табыттарға, арнайы зембілдерге мүрдені қойып жерлеу дәстүрі де жүзеге асырылған [Байпақов, Таймағамбетов 2009: 227–247]. Аталмыш кесенелер марқұмның арғы өмірлік үйі болып саналған. Сонымен қатар көшпелі халықтар өмірден өткен бабаларын мәңгі есте сақтау үшін және бабаларының басына зиярат етіп, көкке, жаратушыға мінажат ету мақсатында осындай ескерткіштерді тұрғызғандықтарын айта аламыз.

Сырдарияның ортаңғы және төменгі ағысында көптеп кездесетін IV–VIII ғасырларға жататын сағаналар (склеп, наус) жоғарыда келтірілген сақ кезеңіне жататын кесенелердің жалғасы болып табылады. Бұл қаңлы және түркі кезеңдеріне жататын сағаналардың сақ кезеңіне жататын кесенелерден



1-сур. Шірік-рабат мәдениетіне жататын кесенелер ([Толстов 1962: 145–180] бойынша)
Fig. 1. The Shirik-Rabat culture mausoleums, after – Tolstov 1962: 145–180
Рис. 1. Мавзолеи ширик-рабатской культуры (по: [Толстов 1962: 145–180])

айырмашылығы, жер бетіне салынған сағаналар тұтастай топырақпен жабылған. Ал сақ тайпаларына тиесілі кесенелерде қаза тапқан туыстарын жерлеп отыру мақсатында ашық қалдырылған. Аталмыш ерте кезеңге жататын кесенелер де, кейінгі кезеңге жататын сағаналар да марқұмның арғы өмірлік үйі болып саналған. Шикі кірпіштен немесе пахсадан тұрғызылған сағаналар да пішіні жағынан шеңбер немесе төрт бұрышты болып келуде, оңтүстік, оңтүстік-шығыс немесе оңтүстік-батысқа бағытталған дромостары немесе есігі, орталық бөлігінде бір немесе екі камерадан тұратын жерлеу орындары болған. Сағананың жоғары бөлігі күмбезделіп кесек қаландыларымен қаланған [Байпақов, Таймағамбетов 2009: 227–247]. Марқұм жерленген соң сағана тұтастай топырақпен жабылған.


Сәулет ескерткіштерін соның ішінде кесенелердің архитектурасын зерттеген Г.А. Пугаченкова топырақ астындағы сағаналы жерлеулерді кесенелердің алғашқы үлгілері болуы мүмкін деген тұжырымға тоқталады [Пугаченкова 1983: 23–24]. Сырдарияның ортаңғы ағысындағы сағаналы жерлеу орындарды жылдар бойы зерттеп келген Е.А. Смағұловта Г.А. Пугаченкованың пікіріне қосылды [Смагулов 2011: 123]. Яғни кесенелердің түп тамыры сонау б.д.д. IV–II ғасырларға жататын сақ тайпаларына тиесілі кесенелерден бастау алатындығын, IV–VIII ғасырларда көптеп тұрғызылған сағана құрлысының негізінде IX–X ғасырларда кесенелердің пайда болғандығын аңғаруға болады. Түркі халықтарының ислам дінін қабылдауының арқасында зияратшылардың құран оқып, дұға жасайтын бөлмелері бар кесенелер тұрғызыла бастайды. Қарахан мемлекеті тұсында ислам діні мемлекеттік дін ретінде қабылданған кезеңде кесене құрлыстары айрықша маңызға ие болып, көптеп тұрғызыла бастайды [Глаудинов 2012: 45]. Осылайша әйгілі тұлғалар, мемлекет және дін қайраткерлерінің қабірінің үстіне бір немесе екі бөлмелі, төртбұрышты жобада салынған, күмбезбен қапталған кесене тұрғызу дастүрі әдетке айналып, қазіргі таңға дейін жалғасын табуда.

Кесенелердің пайда болу тарихы жайында зерттеу жұмыстарын жүргізген А. Габриэль, Й. Стшиговский, Э. Диез, Э. Кюнель, К. Отто-Дорн, К. Эрдман және т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде жоғарыда айтып өткеніміздей кесенелердің түп тамырын Орталық Азияда өмір сүрген түркі халықтарының материалдық мәдениетімен байланыстырады [Önkal 2009: 126]. Аталмыш ғалымдардың зерттеулерінен кесенелердің түркі халықтарына тән манументалды ескерткіш екендігін аңғаруға болады. Сонымен қатар XII–XIII ғасырлардағы қыпшақтардың жерлеу дәстүрін сипаттаған Вильгельм де Рубрук «қыпшақтар қаза тапқан туыстарының қабірінің үстіне үлкен үй тұрғызады. Олардың қорымдарында шатыры күмбезделіп жабылған төрт бұрыш пішінді кірпіштен немесе тастардан тұрғызылған мұнаралы құрылыстар көрдім» деп баяндайды [Вильгельм де Рубрук 1911: 79; Risch 1934: 73; Ögel 1984: 296]. Вильгельм де Рубруктің қалдырған деректеріне кірпіштен немесе тастан бой көтерген мұнара іспеттес құрылыстардың кесенелер болғандығын аңғаруға болады.

XIII–XIV ғасырларда сәулет өнерінің дамыған жаңа үлгілері де пайда бола бастайды. Атап айтар болсақ бұл кезеңде кесенелердің порталы мен күмбездері жетілдіріліп, кесенелердің басым бөлігінің сыртқы және ішкі қабырғалары сырлы және сырсыз әрлеуіш қыш қаптамалармен қаптала бастады. Бұл кезеңнің керемет сәулет туындысы ретінде ортағасырлық Сығанақ қаласының көне қорымындағы кесенелерді мысал ретінде келтіруімізге болады. 2022 жылы Ортағасырлық Сығанақ қаласының маңындағы көне қорымдағы жерлеу орындары зерттеліп, екі кесене анықталды. Анықталған кесенелер шартты түрде № 6 және № 7 кесенелер болып белгіленді.

Ортағасырлық Сығанақ қаласындағы № 6 кесене

Ортағасырлық Сығанақ қаласының оңтүстік батысында 230 м қашықтықта шағын төбе орнында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде көлемі 16,5x8,6 м кесене орны анықталды. Кесене порталды және екі бөлмелі болып келген. Кесененің порталды кіреберісі солтүстік-батысқа бағытталған (2-сур.). Пайымдауымызша кесене екі күмбезді, яғни алдыңғы порталды кіреберіс бөлігі үлкен күмбезбен жабылған болса, екінші бөлмесінің үсті кіші күмбезбен жабылған болуы мүмкін. Себебі кесененің қыш қаланды қабырғалары енді болып келген. Мұндай үлгідегі порталды, екі бөлмелі кесенелер ортағасырлық Арал-Асар (Кердері II кесенесі) [Байпаков 2012: 65–68; Құрманқұлов 2011: 85–86], Қышқала [Елеуов т.б. 2021: 26–31; Елеуов т.б. 2021: 122], Әулиекөл [Петров, Смагулов 2018: 167–184] және Түркістан қалаларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталған. № 6 кесененің абсолюттік хронологиясын анықтау мақсатында жасалынған С14 сараптамасының қорытындысы бойынша кесененің 588±25 жыл бұрын, яғни XV ғасырдың алғашқы жартысында бой көтергендігі анықталды. С14 сараптамасының



2-сур. № 6 кесененің көрінісі: 1 – Сығанақ қаласындағы № 6 кесене;
2 – Қышқала қаласынан анықталған № 1 кесене ([Елеуов және т. б. 2021: 91] бойынша)

Fig. 2. View of mausoleum nr. 6: 1 – mausoleum nr. 6 in the Sygnak urban site;
2 – mausoleum nr. 1 of the Kyshkala urban site, after – Eleuov et al. 2021: 91

Рис. 1.Вид мавзолея № 6: 1 – мавзолей № 6 в городище Сыгнак;
2 – мавзолей № 1 городища Кышкала (по: [Елеуов және т. б. 2021: 91])

қорытындысын кесенеден табылған заттай деректер де қуаттай түсуде.

Ортағасырлық Сығанақ қаласындағы № 7 кесене

Кесене Ортағасырлық Сығанақ қаласының оңтүстік шығысында 1400 м қашықтықта шағын төбе ретінде сақталған. Аталмыш төбе үсті тегіс шеңбер пішінді болып келген. Көлемі 26 м, биіктігі болса 1,5 м. Қазба жұмыстары барысында көлемі 12,2×10,1 м шаршы пішінді кесене орны анықталды. Кесененің порталы оңтүстік-батысқа бағытталған. Пайымдауымызша кесененің сыртқы бөлігі сырлы әрлеуіш қыш қаптамалармен қапталған. Себебі қазба жұмыстары барысында кесененің сыртқы бөлігінен сырлы әрлеуіш қыш қаптамалар көптеп табылды.

Кесене ұзындығы 22,2 м, ені 16,7 м, биіктігі 0,3–0,4 м болып келетін платформаның үстіне салынған (3-сур.). Кесененің ішкі көлемі 7×7 м, еденіне күйдірілген қыштар жалпағынан төселген. Кесененің солтүстік-шығыс бөлігінде еден деңгейінен 0,3 м тереңдікте үш жерлеу орны анықталды. Жерлеу орнындағы бос топырақты тазалау барысында темір пышақ, темір таға, сүйектен жасалған әшекей бұйым, «Т» пішінді қола бұйымдар, темір шегелер, қола айна және мүйізден жасалған тарақ табылды.



3-сур. № 7 кесененің көрінісі: 1 – фотосурет; 2 – сурет
Fig. 3. View of mausoleum nr. 7: 1 – photo; 2 – drawing
Рис. 3. Вид мавзолея № 7: 1 – фото; 2 – рисунок

Мұндай үлгідегі порталды, төрт бұрыш пішінді, бір бөлмелі кесенелердің қатарында, Асанас, Арал теңізінің оңтүстік-шығысындағы Сырлытам, Болған Ана және т.б. кесенелерді айтуға болады. Аталмыш кесенелерді зерттеуші ғалымдар XIII–XV ғасырларға жатқызған [Koshenova 2016: 273–508]. № 7 кесененің абсолюттік хронологиясын анықтау мақсатында жасалынған С 14 сараптамасының қорытындысы бойынша кесененің 786±24 жыл бұрын, яғни XIII ғасырдың алғашқы жартысында бой көтергендігі анықталды.

Қорытынды

Қорытындылай келе ортағасырлық Сығанақ қаласында 2022 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмысы барысында ашылған кесенелерден алынған С 14 сараптамасының қорытындысына сүйене отырып № 6 кесененің 588±25 жыл бұрын, яғни XV ғасырдың алғашқы жартысында, № 7 кесененің 786±24 жыл бұрын, яғни XIII ғасырдың алғашқы жартысында бой көтергендігі анықталды. Бұл пікірімізді кесенелердің архитектуралық құрылымы, жерлеу дәстүрі, кесенелерден табылған әрлеуіш қыш қаптамалар мен жәдігерлер қуаттай түсуде. Сонымен қатар, зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде порталды, екі бөлмелі және төрт бұрыш пішінді, порталды, бір бөлмелі, күмбезді кесенелердің Сырдарияның ортаңғы және төменгі ағысында көптеп кездесетіндігі анықталды.

ӘДЕБИЕТ

Байпаков К.М. Исламская ареолгическая архитектура и археология Казахстана. Алматы: ТОО «Археологическая экспертиза», 2012. 284 с.

Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. Алматы: Қазақ университеті, 2009. 354 с.

Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Чирикрабатская культура. М.: 1993. 176 с.

Вильгельм де Рубрук. Путешествие в восточные страны // Введение, перевод и примечания А. И. Малеина. Санкт-Петербург: Тип. А. С. Суворина, 1911. 232 с.

Глаудинов Б. Қазақстан архитектурасы. Т. 8. Алматы: Өнер баспасы, 2012. 192 б.

Елеуов М., Талеев Д., Есен С., Курманиязов И.С., Молдахмет А. Ортағасырлық Қышқалада 2021 жылы жүргізілген зерттеулер // Марғұлан оқулары. Т. 2, 2021. Б.120 – 124.

Елеуов М., Талеев Д., Есен С., Молдахмет А., Сапатаев С., Ерсариев А., Нұрман Б., Қиясбек М. «Ортағасырлық Қышқала (Баршынкент): Алтын Орда дәуіріндегі қалалық мәдениет контекстінде» тақырыбындағы жобаның есебі. Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2021. 194 б.

Құрманқұлов Ж. (бас редактор). Қазақстан Республикасының тарихи мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. Алматы: Аруна, 2011. 504 б.

Петров П.Н., Смагулов Т.Н. Нумизматические находки XIV века из некрополя у озера Аулиеколь // Stratum plus. 2018. №6. С. 167–184.

Пугаченкова Г.А. Средняя Азия. Справочник-путеводитель. Москва: Искусство, 1983. 471 с.

Смагулов Е.А. Место наземных склепов в погребальном обряде раннесредневековой Средней Азии // Древние некрополи – погребально-поминальная обрядность, погребальная архитектура и планировка некрополей. Санкт-Петербург: ИИМК РАН, 2018. С. 241–250.

Смагулов Е.А. Наземные склепы Борижарского могильника // А. Қазақстан археологиясының мәселелері. 3–ші шығарылым. Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы: 2011. С. 119–150.

Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. Москва: Издательство Востичной Литературы, 1962. 323 с.

Утубаев Ж.Р., Отар Ә., Ерсариев А., Суюндикова М.К. Бәбіш Мола оазисіндегі жерлеу орындарына жүргізілген зерттеулердің кейбір нәтижелері // КазҰУ Хабаршысы. Тарих Сериясы, 2022, 104, № 2. 31–46- бб.

Arik M.O. Erken Devir Anadolu -Türk Mimarisinde Türbe Biçimleri // Anadolu. Cilt , Sayı 11, 1967. S. 57–100. DOI: 10.1501/andl_0000000097

Aslanapa O. Türk Sanatı: Başlangıçindan Büyük Selçukluların sonuna kadar. İstanbul: Milli Eğitim Bakanlığı Kültür Yayınları, 1972. 134 p.

Cezar M. Anadolu Öncesi Türklerde Şehir ve Mimarlık. İstanbul: Türkiye İş Bankasi Kültür Yayinlari, 1977. 520 s.

Çoruhlu Y. Türk İslam Sanatının ABC'si. İstanbul: Kabalci Yayinlari, 2000. 207 s.

Koshenova G. Kazakistan, Taraz'da Babacı Hatun Turbesi // Bilig Dergisi. Sayı 77, 2016. S. 183–202.
Kuban D. Batıya Göçen Sanatsal Evreleri. Istanbul: Türkiye İş Bankası Yayınları, 2009. S.170–171.
Ögel B. Islamiyetten Önce Türk Kültürü Tarihi Orta Asya Kaynak ve Buluntularına Göre. Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1984. 403 s.
Önkal H. Türkiye'de Türbe Mimarisi Araştırmaları // Türkiye Araştırmaları Literatür Dergisi, Cilt 7. 2009. Sayı 14. S. 125–139.
Ragheb Y. Islam Hukukuna Göre Mezar Yapısı // Islam Dünyasında Mezarlıklar ve Defin Gelenekleri I. Ankara, 1996. S. 17–23.
Risch F. Wilhelm von Rubruk – Reise zu den Mongolen 1253-1255. Leipzig: Deichertsche Verlagsbuchhandlung D. Werner Scholl, 1934. 336 p.
Tahaoğlu T.Ö. İstanbul'da Osmanlı Türbelerinin Tipolojisi. Doktora Tezi. İstanbul. 1988. 536 s.

REFERENCES

Baipakov, K. M. 2012. *Islamskaia arheologicheskaia arhitektura i arheologiia Kazakhstana (Islamic archaeological architecture and archaeology of Kazakhstan)*. Almaty: Archaeological expertise (in Russian).
Baipakov, K. M., Taimagambetov, Z. K. 2009. *Kazakhstan arheologiyasy (Archaeology of Kazakhstan)*. Almaty: "Kazak university" Publ. (in Kazakh).
Weinberg, B. I., Levina, L. M. 1993. *Chirikrabatskaia kultura (Chirikrabat culture)*. Moscow: Institute of Anthropology and ethnography (in Russian).
Rubruk, W. 1911. *Puteshestvie v vostochnye strany (Journey to the eastern countries)*. St. Petersburg: "A. S. Suvorin" Publ. (in Russian).
Glaudinov, B. 2012. *Kazakstan Arhitekturasy (Architecture of Kazakhstan).* Almaty: "Oner" Publ. (in Kazakh).
Eleuov, M., Taleev, D., Esen, S., Kurmaniyazov, I. S., Moldakhmet, A. 2021. In: Onggaruly, A., Baitanayev, B. A., Mamirov, T. B. (eds.). *Margulan oqylary – 2021 (Margulan Readings – 2021)*. In 3 vol. Vol. 2. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 120–124 (in Kazakh).
Eleuov, M., Taleev, D., Esen, S., Moldakhmet, A., Sapatayev, S., Ersariev, A., Nurman, B., Qiasbek, M. 2021. *"Ortagasyrlik Kishqala (Barshynkent): Altyn Orda dauirindegi kalalık madeniet kontekstinde" takyrybındagy jobanyn esebi ("Middle Ages Qyshqala (Barshyngent): in the context of the urban culture of the Golden Horde Period" project report).* Almaty: al Farabi Kazakh National University (in Kazakh).
Kurmankulov, J. (ed.). (2011). *Kazakstan Respublikasynyn tarıhi madenı eskertkıshterinin jınagy. Kyzylorda oblysy (The official list of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. Kyzylorda region)*. Almaty: "Aruna" Publ. (in Kazakh).
Petrov, P. N., Smagulov, T. N. 2018. In: *Stratum plus*, 6, 167–184 (in Russian).
Pugachenkova, G. A. 1983. *Srednyaya Aziya. Spravochnik-putevoditel (Central Asia. Reference Guide)*. Moscow: "Iskusstvo" Publ. (in Russian).
Smagulov, E. A. 2018. In: Nosov, E. V. (ed.). *Drevniye nekropoli – pogrebalno-pominalnaya obryadnost, pogrebalnaya arhitektura i planirovka nekropolei (Ancient necropolises – funeral and memorial rituals, funerary architecture and necropolis planning)*. St. Petersburg: Institute for the History of Material Culture RAS, 241–250 (in Russian).
Smagulov, E. A. 2011. In: Beisenov, A. Z. (ed.). *Kazakhstan arheologiyasynyn maseleleri (Issued of Kazakhstan archaeology)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology; "Begazy-Tasmola", 119–150 (in Russian).
Tolstov, S. P. 1962. *Po drevnim deltam Oksa i Yaksarta (Through the ancient deltas of the Oxus and Jaxartes)*. Moscow: "Vostochnaya Literatura" Publ. (in Russian).
Utubaev, Z. R., Otar, A., Yersariev, A., Suindikova, M. K. 2022. In*: KazQU Khabarshysy. Tarih Seriyasy (Bulletin KazNU. Journal of History)*, 2 (104), 31–46 (in Kazakh).
Arik, M. O. 1967. In: *Anadolu*, 11, 57–100 (in Turkish).
Aslanapa, O. 1972. *Türk Sanatı: Başlangıçından Büyük Selçukluların sonuna kadar*. İstanbul: Milli Eğitim Bakanlığı Kültür Yayınları (in Turkish).

Cezar, M. 1977. *Anadolu Öncesi Türklerde Şehir ve Mimarlık*. Istanbul: Türkiye İş Bankasi Kültür Yayinlari (in Turkish).
Çoruhlu, Y. 2000. *Türk İslam Sanatının ABC'si*. Istanbul: Kabalci Yayinlari (in Turkish).
Koshenova, G. 2016. In: *Bilig Dergisi*, 77, 183–202 (in Turkish).
Kuban, D. 2009. *Batıya Göçen Sanatsal Evreleri*. Istanbul: Türkiye İş Bankası Yayınları (in Turkish).
Ogel, B. 1984. *Islamiyetten Önce Türk Kültürü Tarihi Orta Asya Kaynak ve Buluntularına Göre*. Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi (in Turkish).
Onkal, H. 2009. In: *Türkiye Araştırmaları Literatür Dergisi*, 7 (14), 125–139 (in Turkish).
Ragheb, Y. 1996. In: *Islam Dünyasında Mezarlıklar ve Defin Gelenekleri I*. Ankara, 17–23 (in Turkish).
Risch, F. 1934. *Wilhelm von Rubruk – Reise zu den Mongolen 1253–1255*. Leipzig: Deichertsche Verlagsbuchhandlung D. Werner Scholl (in German).
Tahaoğlu, T. O. 1988. *İstanbul'da Osmanlı Türbelerinin Tipolojisi*. Doctoral Thesis, Istanbul (in Turkish).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 27.03.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 27.04.2023.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. / The authors have made an equal contribution to the work.